



## Мемлекет басшысы «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қосты

2025 жылғы 30 қыркүйек.  
Қасым-Жомарт Тоқаев New Silk Way VII Халықаралық көлік-логистика бизнес-форумының ашылуымен құттықтап, бүгінгі ішараның мән-маңызы ерекше екеніне тоқталды.

– Бәріміз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін ресми ашылуына куә болып отырмыз. «Достық – Мойынты» жолы – шын мәнінде аса маңызды инфрақұрылым жобасы. Бұл жоба Қазақстанның көлік-логистика жүйесінің дамуына, оның тиімділігін нығайтуға айрықша серпін беретіні сөзсіз. Ал тарихымызға үңілсек, осыдан отыз бес жыл бұрын «Достық – Алашаңқай» жобасы іске қосылды. Қазақстан мен Қытайдың теміржолы тоғысты. Бұл еліміз үшін тарихи оқиға болды. Сол жолды салған ардагерлеріміз қазір осы жолға қатысып отыр. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Мен халыққа Жолдауымда, көлік-логистика саласы – экономиканың қозғаушы күші, халықаралық байланысты нығайтатын негізгі фактордың бірі деп атап өттім. Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті зор. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы алтын көпір саналады. Қытай – біздің мәңгі, тату көршіміз әрі сенімді одақтасымыз. Біз бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Қос халықтың қарым-қатынасы мызғымас достыққа, өзара сенімге негізделген. Елдеріміздің болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Көп саладағы ынтымақтастығымыз нығаюда. Әсіресе, «Бір белдеу, бір жол» жаһандық жобасының мән-мағынасы айрықша. Баршаңызға мәлім, 2013 жылы Төраға Си Цзиньпин бұл бастаманы Қазақстанда жариялады. Біз осы жобаны барынша қолдаймыз, оны жүзеге асыруға белсене атсалысып жатырмыз. Себебі бұл бастама еліміздің мүддесіне толық сай келеді. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі – соның айқын дәлелі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба.

– Жұмысшыларымыз үш жылға жуық уақыт бойы күні-түні табанды еңбек етті. Осындай белсенді жұмыстың арқасында теміржол мерзімінен бұрын іске қосылмақ. Мұны, шын мәнінде, тарихи сәт деуге болады. Бұл – баршаңызға ортақ қажырлы еңбектің жемісі.



ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ БАҒЫТЫНДАҒЫ ТЕМІРЖОЛ УЧАСКЕСІНІҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІН ІСКЕ ҚОСУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА

жеткізу уақытын қысқартып, транзиттік әлеуетімізді күшейте түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің бүгінде Еуразиядағы басты транзит хабының біріне айналғанын атап өтті.

– Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты жалғап тұр. Жеріміз арқылы 5 теміржол дәлізі өтеді. Оның бәрі әлемнің ең ірі сауда нарықтарына жол ашады. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Соңғы он жылда осы салаға шамамен 35 миллиард доллар инвестиция салынды. Мен халыққа Жолдауымда бірқатар жобаны уақтылы жүзеге асыру туралы нақты тапсырма бердім. Алдағы уақытта 5 мың шақырым теміржол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ 11 мың шақырым теміржол жөнделеді. Қазір «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Қызылжар станциясынан Ақтау портына дейінгі учаскелер жаңғыртылады. Бұл бағдар – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының басты бөлігі. Мұның бәрі Еуропа пен Азияның арасын жалғап, Транс-Қазақстан теміржол бағытының, яғни Орта дәліздің қарқынды дамуына ықпал етеді. Жалпы, бәсекеге қабілетті ел болу үшін экономикамыздың мейлінше қуатты болуына баса назар аударуымыз керек. Бұл ретте, көлік-логистика саласының орны бөлек. Сондықтан Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру негізгі басымдықтың бірі болып қала бермек. Теміржол саласының алдында тұрған міндеттер – айқын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта бұл салаға цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын енгізе отырып, оны ел экономикасының озық бағыты ретінде дамыту көзделгеніне, алда әлі де ауқымды жұмыс тұрғанына, сол себепті барлық жоспарды уақтылы, дер кезінде орындау өте маңызды екеніне назар аударды.

Сондай-ақ телекөпірде Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, «Қазақстанның Еңбек Ері», темір жол саласының ардагері Қалтай Сәмбетов сөз сөйледі.

akorda.kz сайтынан

## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМГЕ ӨМІРІН АРНАҒАН ҚОС ҚАЙРАТКЕР



Техника ғылымдарының докторы, профессор Әуезхан Турдалиев — еліміздің білім мен ғылым саласында айрықша еңбегімен танылған тұлға. 2025 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан Жоғары Мектебінің Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының №3 шешімімен оған «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы беріліп, арнайы медальмен марапатталды. Бұл марапат — ғалымның көпжылдық еңбегіне, жоғары білім жүйесіндегі жетекші рөлі мен ғылыми жетістіктеріне берілген лайықты баға.

Әуезхан Турдалиев — Қазақстан Республикасының көлік және машина жасау ұлттық академиясының, сондай-ақ Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. Оның өмір жолы табандылықтың, ғылымға деген адалдықтың және ұстаздыққа деген сүйіспеншіліктің үлгісі.

1971 жылы Алғабас ауылында Алғабас сегіз жылдық мектебін тәмамдап, кейін Ленгір қаласындағы №2 Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепте білімін жалғастырған. 1973–1974 жылдары туған жеріндегі ауыл шаруашылық құрылысында құрылысшы болып еңбек етті. 1974–1977 жылдары Кеңес Одағының әскери теңіз флотында борышын өтеді.

1978 жылы Қазақ политехникалық институтына түсіп, 1983 жылы аталған оқу орнын машина жасау мамандығы бойынша бітіріп, инженер-механик дипломын алды. Сол жылы Білім министрлігінің жолдамасымен өз оқу орнында ұстаздық қызметін бастады. Қарапайым оқытушыдан кафедра меңгерушісі, институт директоры және Қазақ ұлттық зерттеу университеті (Сәтбаев атындағы) оқу департаментінің директоры қызметтеріне дейін көтерілді.

1986–1990 жылдары аспирантурада оқып, 1991 жылы кандидаттық диссертация, ал 2008 жылы докторлық диссертация қорғады. 2010 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен профессор атағы берілді.

2016 жылға дейін Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде жемісті еңбек етіп, 2017 жылдан бастап Қазақ қатынас жолдары университетінде (қазіргі Халықаралық көлік гуманитарлық университеті) қызмет атқаруда. Алғашында ректордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, кейін университет ректоры болып тағайындалды.

Профессор Ә. Турдалиевтің ғылыми мұрасы аса бай — 250-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде 15 оқулық пен оқу құралдарының, сондай-ақ бірқатар патенттер мен авторлық куәліктердің авторы.

### Патенттері қатарында:

- *Способ получения листов из титанового сплава*, инновациялық патент №30451 (15.10.2015)
- *Способ получения сверхпластинчатого листа из алюминиевого сплава*, патент №30450 (15.10.2015)
- *Клещевой захват*, патент №23751 (15.03.2011)
- *Таспалы конвейердің жетекші шырығы* (бірлескен авторлармен, Астана)
- *Қысқыш жүк қармаушы* (бірлескен авторлармен, Астана)

Ол тек ғалым ғана емес, жас зерттеушілерге бағыт-бағдар беретін, еліміздің инженерлік кадрларын тәрбиелеуге үлкен үлес қосқан ұстаз. Әуезхан Турдалиевтің еңбегі Білім және ғылым министрлігінің, университет басшыларының медальдарымен, мақтау грамоталарымен және алғыс хаттарымен бірнеше рет марапатталған.

### Құрметті Әуезхан Турдалиев мырза!

Сізді Қазақстан Жоғары Мектебінің Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының шешімімен берілген «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жоғары марапат – Сіздің ұзақ жылдар бойы еліміздің ғылымы мен жоғары білім беру саласына сіңірген өлшеусіз еңбегіңіздің, талмай ізденіп, талай шәкірт тәрбиелеген ұстаздық жолыңыздың, инженерлік және ғылыми жаңалықтарға қосқан үлесіңіздің лайықты бағасы.

Сіздің табандылығыңыз, кәсіби шеберлігіңіз, басшылық және ғылыми беделіңіз жас ұрпақ үшін үлгі. Еліміздің техникалық ғылымдары мен жоғары мектебінің дамуына бағытталған еңбегіңіз әлі де жалғасын табатынына сенімдіміз.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс пен жана ғылыми биіктер тілейміз! Еңбегіңіздің жемісі мол болып, шәкірттеріңіздің жетістігі Сіздің мерейіңізді одан әрі үстей берсін!

Халықаралық көліктік гуманитарлық университетінің «Автоматтандыру және энергетика» кафедрасының профессоры, техника ғылымының докторы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» Сұлтанғазинов Сүлеймен Қазиманұлы еліміздің ғылым мен білім саласындағы үздік өкілдерінің бірі.

2025 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан Жоғары Мектебінің Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының №3 шешімімен Сүлеймен Қазиманұлына «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы беріліп, арнайы медальмен марапатталды. Бұл атақ – ғалымның еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамытуға, инженерлік кадрларды даярлауға қосқан өлшеусіз үлесінің айғағы.

Профессор Сұлтанғазинов Сүлеймен Қазиманұлы ұзақ жылдар бойы теміржол көлігі саласында автоматика, телемеханика және байланыс бағыттары бойынша жоғары білікті мамандар даярлауға ерекше еңбек сіңірді. Оның жетекшілігімен 3 техника ғылымының кандидаты, 30-дан астам магистр дайындалып, бүгінде мемлекеттік, өндірістік және ғылыми салаларда табысты еңбек етуде.

Ғалымның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 10 Қазақстандық және 8 Ресейлік патент алынған. Ол 260-тан астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, соның ішінде 60 оқулық пен оқу құралдарының авторы. Бұл еңбектер техникалық жоғары оқу орындарындағы жас мамандардың кәсіби қалыптасуына зор ықпал етіп келеді.

Сүлеймен Қазиманұлы тек ғылым мен білімде ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенді тұлға. Ол өз әріптестері мен шәкірттеріне үлгі боларлық еңбекқорлығымен, адамгершілік қасиеттерімен және ел дамуына адал қызмет етуімен ерекшеленеді.

### Құрметті Сүлеймен Қазиманұлы!

Сізді 2025 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан Жоғары Мектебінің Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының №3 шешімімен берілген «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағыңызбен және арнайы медальмен марапатталуыңызбен шынайы құттықтаймыз!

Бұл жоғары марапат – Сіздің еліміздің жоғары білім мен ғылым саласына қосқан елеулі үлесіңіздің, саналы ғұмырыңызды теміржол көлігіндегі автоматика, телемеханика және байланыс бағыттарында жоғары білікті мамандар даярлауға арнаған қажырлы еңбегіңіздің айғағы.

Сіздің жетекшілігіңізбен дайындалған ғалымдар мен магистрлер, жарық көрген оқулықтар мен ғылыми еңбектер, алынған патенттер мен инновациялық жаңалықтар – барлығы да еліміздің техникалық білім беру саласының дамуына қосқан зор үлесіңізді айғақтайды.

Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық пен ырыс-бірлік, ал шығармашылық жолыңызға мол табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз! Еңбегіңіздің жемісі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін!

Құрметпен,  
Халықаралық көліктік  
гуманитарлық университеті ұжымы атынан,  
ҚАСЫМБЕКОВА Гүлстан Нүсипбековна,  
техника ғылымдарының кандидаты, асс профессор.



## РЕСПУБЛИКА КҮНІ – АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ



25 қазан – халқымыздың жүрегінде мәңгілікке сақталатын айрықша күн. Бұл – Республика күні, яғни мемлекетіміздің тәуелсіздікке бастаған алғашқы қадамының символы. 1990 жылғы дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданды. Бұл тарихи құжат Қазақстанның дербес даму жолына түскенін айқындап, ел тағдырындағы жаңа дәуірдің беташарына айналды. Тарих парақтарынан. 1990 жылдары КСРО ыдырау алдында тұрған аумалы-төкпелі кезең еді.

Экономикалық, саяси және рухани дағдарыс қоғамды тұйыққа тіреген шақта, қазақ халқы өз болашағын өзі айқындауға ұмтылды. Осындай сын сағатта қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы Декларация еліміздің толық тәуелсіздікке бет алғанының айқын дәлелі болды. Құжатта Қазақстанның өз жеріне, табиғи байлықтарына, ұлттық мүддесіне, ішкі және сыртқы саясатына қатысты дербес шешім қабылдай алатыны алғаш рет нақты көрсетілді. Бұл декларация кейін 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңның қабылдануына жол ашты. Яғни, 25 қазан – тәуелсіз Қазақстанның іргетасы қаланған күн.

**Жаңарған мереке – жаңа мән.** 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 25 қазан Республика күні болып қайта жаңғыртылды және ұлттық мереке мәртебесіне ие болды. Бұл шешім елдің тарихи жадысын жаңғыртып, жастар санасына

отаншылдық рухты сіңіруге бағытталды. Республика күні – тек саяси дата ғана емес, ол – мемлекеттілігіміздің нышаны, ұлттық бірліктің мерекесі. Бұл күні әрбір қазақстандық өзінің азаматтық борышы мен ел алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Өйткені республика – халықтың билігі мен еркіндігінің көрінісі.

**Бірлік пен жаңару рухы.** Республика күні – әр ұлт пен ұлыстың ортақ отанымыздың өркендеуіне қосқан үлесін бағалайтын сәт. Қазақстан – жүзден астам этнос пен оннан аса конфессия өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпұлтты ел. Бұл – халқымыздың бейбітшілік пен келісімге деген ұмтылысының нәтижесі.

«Бірлігіміз жарасса, еліміз еңселі болады» деген даналық сөз дәл осы мерекенің мәнін айшықтайды. Республика күні – өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қараудың күні.

**Болашаққа бағыт**  
Қазіргі буын үшін бұл мереке – тарихтан тағылым

алып, ел ертеңін жаңа көзқараспен құруға шақыратын маңызды сәт. Әсіресе, жастар үшін Республика күні – азаматтық белсенділікті арттырып, ел дамуына үлес қосуға, жауапкершілік пен патриоттық сезімді нығайтуға себеп болатын күн.

Бүгінгі Қазақстан – демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Еліміздің басты күші – халық, ал халықтың басты байлығы – тәуелсіздік пен бірлік.

Республика күні – мемлекетіміздің жүріп өткен жолына тағзым етіп, болашаққа нық қадам басудың мерекесі. Бұл – еркіндік пен әділет, бірлік пен жаңарудың нышаны. Біз үшін 25 қазан – өткеннің сабағы мен болашақтың бағдары. Егемен еліміздің еңсесі биік, болашағы жарқын болсын! Республика күні құтты болсын!

**ТЛЕГЕНОВА Айман Сулейменовна**  
«ЭКСПРЕСС ТЖ» газетінің редакторы

## ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ДЕЙСТВИИ: проект Ai Sana и цифровое будущее образования Казахстана



ключевым фактором модернизации системы образования. По словам министра, именно университеты должны стать центрами генерации и внедрения ИИ-технологий, объединяя научные исследования, предпринимательство и подготовку специалистов нового поколения.

В работе форума Digital Bridge 2025 принял участие проректор по

на площадке Digital Bridge 2025, ключевого форума по цифровым технологиям в Центральной Азии, активно обсуждались перспективы внедрения искусственного интеллекта (ИИ) в различные сферы жизни — от бизнеса и государственного управления до образования. Среди значимых инициатив особое внимание привлек проект Ai Sana, направленный на развитие человеко-центричных ИИ-решений, создающих новые возможности для науки и образования Казахстана.

Проект Ai Sana стал символом новой волны цифровых преобразований. Его цель — формирование национальной платформы для разработки, тестирования и внедрения решений на базе искусственного интеллекта, способствующих повышению качества жизни и развитию человеческого капитала.

Министр науки и высшего образования Республики Казахстан Саясат Нурбек, выступая на форуме, подчеркнул, что искусственный интеллект сегодня является не только инструментом технологического прогресса, но и



цифровизации PhD, Майлыбаев Ерсайын Құрманбайұлы. В ходе мероприятия он ознакомился с новыми разработками в области искусственного интеллекта, посетил стенды стартапов и компаний, работающих в сфере цифровых технологий, а также провел встречи с потенциальными партнёрами по созданию лабораторных установок и инновационных образовательных платформ.

Сегодня Казахстан активно выстраивает экосистему цифрового образования, где университеты становятся площадками для пилотных ИИ-проектов. Уже внедряются интеллектуальные помощники для студентов, автоматизированные системы оценки знаний, а также платформы для научных исследований с использованием машинного обучения.

Такие инициативы, как Ai Sana, отражают стремление страны не просто следовать мировым трендам, а формировать собственную модель человеко-центричного искусственного интеллекта, ориентированного на культурные, этические и образовательные особенности Казахстана.

Внедрение ИИ в высшее образование — это инвестиция в будущее, где технологии служат развитию человеческого потенциала. Инициативы Министерства науки и высшего образования, а также активное участие университетов, демонстрируют, что Казахстан делает уверенный шаг к интеллектуальной экономике и цифровому обществу.



## Библиотека: история и роль профессии в современном мире



Профессия библиотекаря — одна из самых старинных, но собственный праздник она обрела совсем недавно. День библиотекаря отмечается 24 октября, начиная с 2022 года. Праздник был учреждён постановлением правительства в знак признания заслуг работников библиотечного дела и их вклада в развитие культуры, образования и науки.

В Казахстане насчитывается около 12 тысяч библиотек, а в их фондах — более 73 миллионов книг. За каждой цифрой стоит труд людей, которые ежедневно систематизируют, обновляют и делают эти ресурсы доступными.

Именно с такой миссией и функционирует библиотека высшего

учебного заведения.

Долгое время библиотека воспринималась как хранилище знаний — место, куда человек приходил за конкретной книгой, но сегодня Вузовская библиотека — это не просто хранилище книг; это информационное и культурное сердце высшего учебного заведения. Она является ключевым элементом образовательного процесса, обеспечивая доступ к обширному фонду учебной, научной, справочной и художественной литературы, а также к современным электронным ресурсам и базам данных. Ее главная миссия — поддерживать учебную, научно-исследовательскую и воспитательную деятельность университета, формируя у студентов и преподавателей культуру самостоятельной работы с информацией.

1. Основные Функции и Роль в Образовании.

Вузовская библиотека выполняет ряд важнейших функций, которые обеспечивают качество подготовки специалистов:

1. Информационная поддержка учебного процесса:

- Комплектование фонда: Обеспечение студентов и преподавателей необходимой учебной, научной и учебно-методической литературой в соответствии с образовательными программами Вуза.

- Доступ к ресурсам: Предоставление доступа как к печатным изданиям, так и к обширным электронным ресурсам (Электронные Библиотечные Системы - ЭБС, наукометрические базы данных, подписные электронные журналы).

2. Научная поддержка:

- Удовлетворение информационных потребностей ученых и преподавателей для проведения исследований, написания научных статей и диссертаций.
- Содействие в работе с наукометрическими показателями,



публикационной активностью.

3. Формирование информационной культуры:

- Обучение пользователей эффективному поиску, оценке и использованию информации.

- Развитие навыков академического чтения и работы с научными текстами, что критически важно для будущих специалистов.

4. Социокультурная функция:

- Создание комфортного пространства для обучения, самостоятельной работы, групповых проектов и общения.

- Организация культурно - просветительской деятельности (выставки, лектории), способствующей духовному развитию студентов и приобщению их к нравственным и культурным ценностям.

Таким образом, труд библиотекаря объединяет педагогику, аналитику, коммуникацию и культурную миссию. Библиотекари сопровождают каждого, кто обращается к знаниям: помогают студентам — с проектами, научными исследованиями, преподавателям — с подбором литературы и источников. Они владеют современными технологиями, обучают цифровой грамотности и поддерживают интерес к чтению.

2. Миссия библиотеки в XXI веке.

Если когда-то библиотека воспринималась лишь как собрание печатных изданий, то сегодня она стала многоуровневым пространством — местом, где соединяются традиция и инновация. Её миссия остаётся прежней — обеспечивать свободный и качественный доступ к знаниям, — но формы этой миссии меняются.

В XXI веке библиотеки Вузов активно адаптируются к цифровой эпохе:

- Гибридный Фонд: Современная библиотека — это единая, интегрированная структура, где печатные и электронные ресурсы органично дополняют друг друга. Студенты могут работать с каталогом онлайн, искать информацию в ЭБС, а также пользоваться тихими зонами для работы в традиционных читальных залах.

- Дистанционное Обслуживание: Внедряются новые формы обслуживания, позволяющие пользователям получать доступ к ресурсам и сервисам удаленно (например, через личные кабинеты на сайте Вуза).

- Центр Инноваций: Библиотека становится не просто местом для чтения, но и коворкингом, площадкой для семинаров, мастер-классов и творческого развития, предлагая сервисы по обучению работе с информацией, академическому письму и др.

Таким образом, вузовская библиотека остается неотъемлемым фундаментом для полноценного высшего образования, выступая в роли проводника в мир знаний и способствуя формированию высококвалифицированной, культурной и информационно грамотной личности.

3. Библиотека в Профорientационной Неделе Первокурсников.

В условиях динамичного рынка труда роль вузовской библиотеки выходит далеко за рамки классического книжного хранилища и учебного центра. Она активно интегрируется в профорientационную и карьерную работу университета, выступая в роли информационного HR-партнера и помогая студентам, особенно первокурсникам, осознанно выбрать и выстроить свой профессиональный путь.

- Библиотека как Первый Навигатор: Неделя Знакомства с Фондами. Особое значение в начале учебного года приобретает Неделя

знакомства с Библиотекой, которая проводится по этапно для студентов разных кафедр и факультетов. Этот формат позволяет максимально индивидуализировать процесс адаптации:

- Кафедраально-ориентированные Экскурсии:

Для каждой группы первокурсников проводятся отдельные экскурсии, где акцент делается на профильных ресурсах. Студентам показывают не просто где выдают учебники, а где расположены специализированные издания, отраслевые периодические журналы и какие электронные базы данных (ЭБС) критически важны именно для их будущей профессии.

- Формирование Библиотечно-Информационной Грамотности:

В рамках знакомства проводятся краткие практические занятия по навигации и поиску информации:

- Обучение работе с электронным каталогом Вуза.
- Мастер-классы по эффективному поиску в научных базах данных.
- Создание Комфортной Учебной Среды:

Первокурсников знакомят с современными возможностями библиотеки: тихими зонами для индивидуальной работы, пространствами для групповых проектов. Библиотека позиционируется как идеальное место для самостоятельной подготовки и углубленного изучения материала.

Таким образом, Неделя знакомства превращает библиотеку в первый профессиональный инструмент студента, демонстрируя, что она является не просто хранилищем, а живым центром ресурсов, где каждый найдет необходимую информационную поддержку для успешного обучения и будущего профессионального становления.

Заключение.

Возможно, в будущем библиотеки станут полностью цифровыми, но их суть останется прежней. Это не просто стены и полки — это пространство, где человек открывает для себя новые горизонты.

Таким образом, День библиотекаря в Казахстане — это не просто дата в календаре. Это повод вспомнить, что культура, образование и критическое мышление общества напрямую зависят от тех, кто хранит и передает знания. Пока есть библиотекари, книги будут живы, идеи — доступными, а каждый читатель — способным открывать для себя новое.



**Коллектив Библиотеки Университета**

# УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ – ЧЕМПИОН ТИМУР БАСИТОВ



Спорт – тек күштің немесе жылдамдықтың ғана емес, ерік - жігер мен табандылықтың айнасы. Ал сол айнада өз бейнесін жарқырата көрсетіп жүрген жас чемпиондардың бірі – МТГУ студенті, кәсіби боксшы Тимур Баситов. Ол бар-жоғы 20 жасында - ақ Қазақстан спортының үмітін арқалаған жаңа буын өкілдерінің алдыңғы қатарында тұр.

Бүгінде Тимурдың есімі спорт сүйер қауымға жақсы таныс. Ол кәсіби рингке алғаш шыққан күннен бастап-ақ, қарсыластарына дес бермей, өз күшін дәлелдеп келеді. Көпшілік оны «қазақ боксының жаңа толқынының өкілі» деп атайды. Себебі Тимур рингте тек соққымен емес, рухымен жеңеді.

Жас чемпионның алғашқы қадамдары. Тимурдың спортқа деген сүйіспеншілігі бала кезінен басталған. Қарапайым отбасында өскен ол ерте жастан еңбек пен тәртіптің маңызын түсінді. Мектеп кезінде-ақ, жаттықтырушының назарын өзіне аударып, табандылығының арқасында аймақтық жарыстарда көзге түсе бастайды.

Университетке түссе де, ол спорттан қол үзген жоқ. Керісінше, МТГУ қабырғасында білім алып жүріп, халықаралық деңгейде жеңіске жеткен санаулы жастардың бірі. Бұл – жас ұрпаққа үлкен үлгі: оқу мен спортты қатар алып жүруге болатынын дәлелдеді. Әлем аренасындағы қазақ рухы

2024 жылы Тимур Таиландта өткен кәсіби бокстың халықаралық турнирінде бұрынғы WBC Silver чемпионы айқын басымдықпен жеңіп, спорт әлемін таңғалдырды. Бұл жеңіс оның атының халықаралық аренада жарқырауына жол ашты.



Ал, 2025 жылы ол тағы бір ірі жекпе-жекте Танзаниялық қарсыласын нокаутқа жіберіп, өз рекордын 5 жеңіс (оның төртеуі нокаутпен) деңгейіне жеткізді. Мұндай нәтиже – кез келген жас спортшының арманы. Бірақ, Тимур үшін бұл тек бастамасы ғана. Оның мақсаты – әлем чемпионатының белбеуін Қазақстан туымен бірге көтеру.

Жігер мен еңбектің үлгісі. Тимурдың жетістігінің артында қажымас еңбек жатыр. Күн сайынғы жаттығулар, қатаң тәртіп, өзін үздіксіз жетілдіру – міне, оның табыс формуласы. Ол әр жекпе-жек алдында тек қарсыласын емес, өз қорқынышы мен әлсіздігін де жеңіп шығуға тырысады.

«Нағыз жеңіс – өзіңді жеңу», – дейді Тимур

сұхбаттарында. Бұл сөз – тек спортшыларға емес, өмірде мақсат қойған әр жасқа арналған өмірлік сабақ.

Тимур Баситов – замандастарына шынайы мотивацияның символы. Ол дәлелдеді: табысқа жету үшін туған жеріңнің үлкен болуы шарт емес, бастысы – жүрегіңнің үлкен болуы. Университет пен спортты қатар алып жүру – оңай іс емес.

Бірақ ол мүмкін емес нәрсені дәлелдеп келеді.

Оның табандылығы, еңбекқорлығы мен намысы – қазіргі қазақ жастарына айқын үлгі. Тимурдың жетістігі бізге бір-ақ нәрсені ұқтырады: әрбір мақсат – мүмкін, егер оған сеніммен, еңбекпен және табандылықпен ұмтылсаң.

МТГУ студенті Тимур Баситов – бүгінгі жастың бет - бейнесі. Ол тек рингте емес, өмірде де чемпион болудың не екенін жақсы біледі. Әр жеңісінен кейінгі сабырлы қалпы мен туған елге деген сүйіспеншілігі оның болашағының жарқын екенін аңғартады.

Ол қазақстандық жастарға бір ғана үндеу тастайды: «Жеңіске жету үшін ең басты қарсылас – өзің. Ал өзіңді жеңсең, өмірдің барлық рингінде жеңесің»,- дейді оқытушылар мен студенттермен болған кездесуде.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қалдыбеков чемпион Тимур Баситовты арнайы құттықтап, алғыс хатпен марапаттады. Бұл марапат – Тимурдың жоғары жетістіктерінің және университетіміздің абыройын асқақтатудағы еңбегінің дәлелі. Барлық қолдау білдірген әріптестер мен студенттерге алғыс айтамыз. Ал, Тимурға сәттілік серігің болсын, деп тілейміз!

«ЭКСПРЕСС ТЖ» ақпаратты

## ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Университетімізде Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне арналған салтанатты шара жоғары деңгейде өтті. Бұл мереке қазақ халқының ұлы ағартушысы, қоғам қайраткері және тіл жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай белгіленген. Мерекенің басты мақсаты – мемлекеттік тілді дәріптеу, өзге этностардың тілдеріне құрметпен қарау және еліміздегі көптілділік мәдениетін дамыту.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Алғашқы құттықтау сөзді университет ректоры Әуезхан Тұрдалұлы алып, тіл – халықтың жаны, ұлттың тұтастығын айқындайтын негізгі белгі екенін атап өтті. Сондай-ақ, Әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану кафедрасының меңгерушісі Мадина Ақаева студенттерге ана тілін құрметтеп, оны дамыту жолында еңбек етуге шақырды.

Мерекелік бағдарлама мазмұнға бай, әсерлі және көптілді форматта ұйымдастырылды. Студенттер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз өнерлерін көрсетіп, тілге деген сүйіспеншілікті түрлі қырынан паш етті. Алғаш болып, 1-курс студенті Әділжан Акерке «Балбырауын» күйін орындап, көрерменді ұлттық саз әлеміне жетеледі. Одан кейін ИС-25-к мамандығының студенті Абдижамиева Гүлбану Ахмет Байтұрсынұлына арналған мазмұнды презентациясын ұсынды. Кайынбекова Сымбат көптілділіктің қазіргі қоғамдағы ролі туралы ой бөліссе, ВТПО -25к мамандығының студенті Сұлтанмахмед Ілтай ағылшын тілінде мазмұнды сөз сөйлеп, жастардың тіл мәдениетін халықаралық деңгейде дәріптеу қажеттігін атап өтті. Мерекенің ажарын ән мен би нөмірлері аша түсті. АиУ-25к тобының студенті Маратқызы Алия орындаған «Ана» әні көрерменнің жүрегінен елжіретсе, логистика мамандығының студенті Бекарыс Қайратұлы «Беу-беу» әнімен ұлттық рухты асқақтатты. Сағындық Алтынай, Ниязбек Ұлжан поэзия әлеміндегі өз үлестерін қосып, тіл мен елге деген сүйіспеншілікті өлеңмен өрнектеді. Ал бірінші курс студенттері орындаған «Қамажай» биі мен әсем вальс мерекенің сәнін кіргізді.

1-курс экономикалық бағыттағы студенттер «Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына» орай, «Абайды таны» атты әдеби-кешке үзінді сахналық қойылым жасады. Студенттердің әр рөлді сомдауы мен олардың ізденістері көрген қойылымнан ой қалдырды. Абайдың жастық шағынан бастап, даналық жасына дейінгі уақытты бір сәтке өрнектеп сыйдыра білген. Абай Құнанбаевтың ілім - білімге, тілге, қоғамдағы адамдардың іс - әрекетіне жазылған ой - толғауларын сахналық қойлым арқылы керемет жеткізді. Бала



Абайдың ролін сомдаған ТД-25к мамандығының студенті Ерболұлы Ерасыл мен жігіттік шағы мен орта жасын сомдаған Фин-25к мамандығының студенті Мұратов Шахәмір. Қойылымға белсен қатысқан студенттер өз рөлдерін орындап, ақынның жырларын жатқа оқып белсенділік көрсетті. ТД-25к мамандығының студенті Серікбай Айым, УиА-25к мамандығының студенттері Әлімбаев Алдияр; Қарқын Жібек; Тюрөгалиева Акерке; МН-25к мамандығының студенттері Нұрмұхамбет Жанат; Бақтиярұлы Ибраһим; Фин-25к мамандығының студенті Сарсенбаева Динара.

Іс-шараның соңында барлық қатысушылар сахнаға шығып, ортақ флешмоб ұйымдастырды. Бұл көрініс – достық пен бірліктің, көпұлтты Қазақстанның татулығының айғағы болды. Өн мен би, күй мен жыр бірігіп, залды ерекше шаттық пен мақтаныш сезіміне бөледі.

Мерекенің қорытынды сәтінде жүргізушілер барлық студенттер мен ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп, тіл мерекесін жыл сайын дәстүрге айналғанын қуанышпен хабарлады. Бұл күн – ел бірлігінің, достығы мен мәдени әр алуандығының жарқын көрінісі ретінде есте қалды.

Тіл – халық тарихының, мәдениетінің және рухының айнасы. Әрбір ұлттың болашағы оның тілін құрметтеуден басталады. Университет қабырғасындағы бұл мерекелік шара тілдің ұлтты біріктіретін ұлы күш екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Көптілді Қазақстанның болашағы – өз тілін сүйіп, өзге тілдерді құрметтейтін білімді жастардың қолында.

Дана халқымыз «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің», - деп бекер айтпаған. Яғни, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында тіл білудің артықтығы жоқ. Күннен күнге қарыштап жатқан жаңа технологияларды игерудің ең бірінші жолы – тілді меңгеру. Көп тіл білу – заман талабы. Жастар, болашақ ұрпақ өзге тілді білу арқылы өз тілімізді әлемдік аренаға шығаруымыз керек. Қазақтың қабырғалы қаламгері, ақын Қадыр Мырза Әлі атамыздың мына өлең жолдарында айтылғандай тіл-рухани байлығымыз, тарихымыз бен тағдырымыз.

Ана тілін біліп қой, Ана тілің - арың бұл,  
Еркіндігің, теңдігің, Ұятың боп тұр бетте,  
Ана тілін біліп қой, Өзге тілдің бәрін біл,  
Мақтанышың, елдігің. Өз тіліңді құрметте!

Ұйымдастырушы:

«Әлеуметтік Гуманитарлық және Жаратылыс Пәндер» кафедрасының оқытушылары

Халықаралық көліктік-гуманитарлық университетінде студенттердің шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған жаңа бастама - «Jas Leader» дебат клубының ашылу салтанаты өтті.

Бұл клубтың құрылуы – университет өміріндегі маңызды оқиға, себебі қазіргі жастарға тек білім алып қана қоймай, өз ойын еркін жеткізу, қоғамдық мәселелерге бос қарамау және көшбасшылық қабілетін дамыту да аса маңызды. Ашылу рәсімі ерекше өтті. Университеттің әкімшілігі, кафедра меңгерушілері, оқытушылар мен белсенді студенттер қатысып жылы лебіздерін білдірді.

## «Jas Leader» дебат клубы ашылды

Клубтың жетекшісі Толеулиева Зауре Ағыбаевна студенттерге арнаған сөзінде дебаттың мәнін терең түсіндіріп өтті:

«Біз «Jas Leader» арқылы ой еркіндігін, дәлелмен сөйлеуді және пікір мәдениетін қалыптастырамыз. Бұл клуб – тек пікірсайыс алаңы емес, болашақ лидерлердің мектебі. Мұнда әр студент өз көзқарасын білдіріп, қоғамдағы маңызды мәселелерге жауапкершілікпен қарауды үйренеді», - деді.

Алғашқы кездесу және дебат ойыны. Клубтың алғашқы жиыны барысында студенттерге дебат ережелері, форматы және негізгі қағидалары таныстырылды. Қатысушыларға Карл Поппер және Американдық парламент форматтары бойынша қысқаша тренинг өткізілді.

Содан кейін клуб мүшелері арасында алғашқы тәжірибе ойынын өткіздік, онда «Қазіргі таңда орыс тілі, қазақ тіліне қарағанда басым деп санайды?» деген тақырып талқыланды. Екі команда да өз көзқарастарын нақты дәлелдермен қорғады.

Алғашқы дебат ойыны ұйымдастырылғанда студенттер берілген тақырыптарға белсенді жауап беріп өз лидерлік қасиеттерін көрсете білді. Бірінші ойыннан-ақ, студенттердің белсенділігі мен шешендік қабілеті байқалды. Ойын барысында талқыланған қарарлар (тақырыптар):

1.Бұл палата «Жасанды интеллект қажеп деп есептейді»  
2.Бұл палата «шетелдік әртістердің (әнші, актер) Қазақстанға келуі ел дамуына пайдалы»  
3.Бұл палата «құпия тақырып» яғни ойын барысында бұл тақырып белгілі болады.  
4.Бұл палата «роботтар адамдардың жұмысын алмастыруы қажет,- деп санайды»

Ойын соңында төрешілер мен көрермендер өз пікірлерін айтып, қатысушыларға университет атынан мерх пен грамоталар табыстады.

Мен үшін дебат – жай сайыс емес, өзіңді табу жолы. Өзім мектеп кезінен дебат ойындарына қатыса бастадым. Мектеп ішіндегі және қалалық дебат ойындарына белсенді қатысатынымын және мектепте дебат фракциясының парламенті болдым. Әр пікірталас – жаңа ой, жаңа көзқарас, жаңа кадам. Біз бұл клуб арқылы студенттерге өз пікірін ашық айтуға, ой еркіндігін дамытуға мүмкіндік бергіміз келеді. Қазір біз алғашқы мүшелерді жинап, тұрақты кездесулер мен жаттығулар өткізуді жоспарлап отырмыз. Клуб ашылған сәттен-ақ, студенттердің қызығушылығы жоғары болды. Көптеген жастар өз ойын жеткізіп, жаңа достар тауып, пікірталас алаңында өзін сынап көруде.

Алғашқы пікірсайысқа қатысқан студенттер өздерінің білімін, ой ұшқырлығын және топ алдында сөйлеу шеберлігін байқатты. Қатысушылар қатарында:

Серикбай Ильяс - йымдастырушы (дебат фракциясының мүшесі)

1 команда  
Адилжанқызы Акерке - УиА-25к тобының студенті.

Нұрмұхамбет Жанат – МН-25к тобының студенті.  
Абдижамиева Гульбану- ИС-25к тобының студенті.

2 команда  
Ерболулы Ерасыл – ТД-25к тобының студенті.  
Надим Шұғыла – ТТ-25к тобының студенті.  
Осы студенттер дебат клубтың дамуының алғашқы іргетасын қалаған жастар. Олар өз бастауы және белсенділігімен «Jas Leader» дебат клубының фундаментін қалап, университеттегі пікірсайыс мәдениетінің алғашқы қадамдарын жасады.

«Jas Leader» дебат клубының басты мақсаты: Студенттерді қоғамдық белсенділікке, мәдениетті сөйлеуге, логикалық және аналитикалық ойлауға

баулу. Клуб мүшелері алдағы уақытта университет аралық және қалалық турнирлерге қатысуды, сондай-ақ, тәжірибелі дебатшылармен тренингтер мен семинарлар өткізуді көздеп отыр.

Дебат клубына мүше болғыңыз келсе, тіркелу мен қосылу үшін төмендегі мекенжайға келіңіз:

Мекенжай:  
Алматы қаласы, Жетісу-1 ықшам ауданы, 32а, Халықаралық көліктік-гуманитарлық университетінің бас ғимараты, 1-қабат, 111 кабинет (кітапхана қасында)

СЕРИКБАЙ Ильяс,  
Кеден ісі мамандығының,  
2 курс студенті



## УНИВЕРСИТЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Көктемнің алғашқы айы. Университеттің ауласында бәйшешектер бүршік атып, ағаштар қайта жасарып жатты. Ауада жаңа өмір иісі сезілді. Ал, біз бірінші курс студенттері, бір-бірімізге қарап:

—Міне, көзді ашып-жұмғанша бір жыл өтіп барады, - деп таңғалдық.

Асханада шай ішіп отырған бір сәтте, Аяулым жылы жымып:

—Бірінші семестре бәріміз бейтаныс едік, енді бір үйдің баласындай болып кеттік, - деді.

Жандос күрсініп:

—Иә, кеше ғана Саяттың аты журналда «жоғалған студент» болып тұр еді ғой, - деп күлдірді.

Саят қолындағы шәйнекті қойып:

—Енді мен жоғалсам да, бүкіл университет іздейді ғой, - деп бәрімізді күлкіге қарық қылды.

Ернұр басын шайқап:

—Енді сол күндерді еске алсам, ұяламын да, сағынамын да, - деді күліп.

Алмат оған қарап:

—Сол ұялуыңнан бәріміз бір сабақ алдық ғой. Енді сенсіз сабақтың да қызығы жоқ, деп әзілдеді.

Сол сәтте асхананың терезесінен түскен күн сәулесі бәріміздің жүзімізге жылы түсіп тұрды. Әрқайсымыздың көзімізде шаршағандық емес, керісінше, бір жылы сағыныш пен кимастық бар еді. Бір жылда біз көп нәрсені үйрендік сабақты ғана емес, өмірдің өзін.

Бірінші күндері аудиторияға асығып, қай кабинетке барармызды білмей, картамен іздейтінбіз. Енді сол аудиториялардың әр бұрышы бізге таныс, әр тақтадағы жазуларда өз естелігіміз қалғанды сезіледі. Жатақхана дәлізінде таң атқанша тапсырмалар орындап, бір-бірімізге шай дайындап, күлкіге батып отыратын түндер... Сол сәттер енді сағынышка айналып барады.

Ернұр көбіне топтың көңіл-күйін көтеріп жүретін. Сабақтан кейін бәріміз университеттің алдында тұрған орындықтарға отырып, болашақ туралы әңгіме қозғайтынбыз.

—Келер жылы бәріміз мүлде басқа адамдар боламыз, - деді бір күні Аяулым.

—Иә, бірақ осы күндерді ештеңеге айырбастамаймын, - деді Саят ойлана.

Көктем сайын университет ерекше бір жылылыққа толып кететін. Даладан жаңбырдың иісі келіп, дәліздерде студенттердің күлкісі жаңғырып тұратын. Аудиторияда оқытушының даусы алыстан естіліп, ал біз терезеге қарап, «бітті ме екен» деп күліп отыратынбыз.

Соңғы аптада бәрімізге емтиханға дайындалып жүрсек те, іштей бір кимастық сезілетін. Бірінші курстың соңғы күндері... Әркім өз өмірінде жана тарау ашқалы тұр. Бірақ осы тараудың алғашқы беттері дәл осы күндермен жазылғанын бәріміз сезетінбіз. Сол кеште Алмат пен Жандос жазғы кештің самал

желін жұтып, жатақхана алдында ұзақ тұрды. Бір кезде артымыздан келіп Саят қосылды.

—Қызық, - деді Саят жай ғана.—Бір жыл бұрын осы жерде өткенде, бәрі қорқынышты, бәрі бейтаныс деп Алмат сөзге қосылып. Енді осы жердің әр бұрышы менің өмірімнің бөлігі сияқты. Бәріміз үндемей қалдық. Мүмкін, дәл сол үнсіздік — ең шынайы естелік шығар. Университет аспанында күн ақырын батып бара жатты. Ал біз үшін бұл күннің батуы — жаңа өмірдің бастауы еді.

**Музейге Саяхат.** Көктемнің жылы күндерінің бірі еді. Университеттің терезесінен күн сәулесі төгіліп, коридор бойы ерекше көңіл күйге толы болатын. Сабақтан кейін кураторымыз аудиторияға кіріп келді де, күлімдеп:

—Студенттер, сендермен бірге шағын саяхат ұйымдастырсақ қалай қарайсындар?— деді жұмбақ паузамен.

Бәріміз бірден қызығып қарадық.

—Келесі аптада лекциямызды ерекше түрде өткізейік деп ойлап отырмын. Музейге саяхатқа шығайық. Лекциямызды кітаптан ғана оқып емес, көзбен көрейік — деді куратор.

Алмат бірден:

—Тамаша идея! — деп кол шапалақтады. Тек автобуска менің колонкамды алуға рұқсат па? Әнсіз саяхат — шайсыз таңғы ас қой!

Кураторымыз күлімдеп:

—Болды, Алмат, колонка сенде болсын. Бірақ лекциямыз концертке айналмасын, жарай ма?— деді.

Келесі күні таңертең бәріміз университеттің алдына жиналды. Күн жылы, аспан ашық, көктемнің иісі сезіліп тұр. Ернұр қолына термос пен дәптерін ұстап алған. Аяулым фотоаппарат әкелген, ал Саяттың қолында шағын штатив пен калжынға толы көңіл күй бар еді. Автобус қозғалғанда Алмат колонкасын қосып, баяу әуен ойнады.

Терезеден қала көрінісі сырғып өтіп жатты — бір сәтте бәріміздің жүзімізде күлкі пайда болды. Бірінші курсымыздың соңғы айы, бірақ дәл осындай ортақ сәттер — ең қымбат естелік екенін бәріміз іштей сезіп отырдық. Музейге кірген сәттен-ақ бізді салқын әрі тыныш атмосфера қарсы алды. Ежелгі заманның лебі сезілетіндей. Қабырғаларында тарихтың ізі, еденде уақыттың табы.

Экскурсовод сәлемдесіп, жарқын дауыспен:

—Қош келдіңіздер, студенттер! Бүгін сіздер біздің ел тарихының ең терең қабаттарын көресіздер, - деді.

Алмат пен Жандос бір-біріне қарап күлімсіреді, бірақ бұл жолы тып-тыныш жүрді. Тіпті куратор да таңғалып:

—Мына жолы сендер ерекше мәдениеті болып тұрсындар ғой, - деді әзілдеп.

Экскурсовод ежелгі қазбалар мен көне қарулар туралы әңгімелеген сайын Ернұрдың ойы басқа жаққа кетіп,

*жалғасы өткен санда*  
**«Бірінші курс — сынақ емес, естелік. Ал нағыз өмір, нағыз жауапкершілік енді басталады.»**



тарихтың тылсымына сүнгіп бара жатты. Әрбір жәдігер — өткен дәуірдің үніндей еді.

Уақыт өте Алмат сыбырлап Саятка айтты:

—Мына қылышпен сені таңертең сабаққа тұрғызуға болады ғой, - деді.

Саят күліп, жауап қайтарды:

—Сен сабаққа кешіксең, мен осы найзамен қуып шығамын, - деді.

Куратор артына бұрылып:

—Не боп қалды?

Бәріміз күліп жібердік.

—Тарихтың тірі көрінісі болып жатр, - деді Ернұр әзілдеп.

Көрмені аралап болған соң, музей алдындағы саябақта отырдық. Күн нұры жапырақтар арасынан төгіліп, самал жел бетімізді сипады. Бір сәтке бәрі тып - тыныш, тым жылы болды. Аяулым фотоаппараты қосып, бәрімізді топтап суретке түсіріп жүрді. Бір кезде ол экранға қарап, жұмсақ үнмен айтты:

—Қараңдаршы, суреттерде бәріміздің күлкіміз бірдей. Мына жылдар өтсе де, осы сәт қалсыншы есімізде.

Бәріміз үнсіз бас изедік. Кураторымыз сол сәтте жай ғана күлімдеп тұрды. Ол бізге қарап, мейіріммен былай деді:

—Міне студенттер, университет өмірі осындай сәттерден тұрады. Сабақтар ұмытылады, бірақ осындай күндер жүрекке қалады.

Ернұр қалжыңдап:

—Апай, осыны кітапқа жазайықшы! — деді.

—Ал сен жаз, - деді куратор. Болашақта бұл сендердің тарихтарың болады.

Бәріміз күлдік. Бірақ сол сәт, сол күлкі, сол күннің тыныштығы — бәріміздің есімізде мәңгі қалды.

Кешке автобус университетке қайта оралғанда, бәріміздің жүзімізде шаршағандық емес, ерекше бір тыныш бақыт бар еді. Ернұр терезеден сыртқа қарап, іштей ойланды:

*«Тарих - өткеннің ізі. Бірақ бүгінгі күн де ертең тарихқа айналады. Тек оны қалай есте қалдырамыз - сол маңызды.»*

**Театрдағы бір кеш.** Көктемнің соңғы айы. Алматының аспаны тынық, кешкі қала шамдары баяу жанып, көшелерге алтын түстес сәуле төгілді. Университет алдында жастардың күлкісі, көктемгі желдің лебі сезілді. Сол күні біздің топ театрға барды — шағын, бірақ ерекше мәдени кеш. Театр ғимараты алыстан-ақ көзге түседі: биік баспалдақтар, жарығы жұмсақ шамдар, есік алдындағы адамдардың сыбыр-әңгімесі. Ішке кіргенде бір сәтке уақыт тоқтағандай болады. Ауадан ағаштың, бояудың, ескі перденің иісі бар — өнердің иісі.

Зал іші жылы. Сахнаға жарық түскенде тыныштық орнап, бар назар актерлерде болды. Әр сөз, әр қозғалыс, әр үн — жүрекке әсер етті. Музыка баяу ойнап, сахнадағы жарықтар кейіпкерлердің сезімін дәл жеткізіп тұр. Көрсермендер арасынан шыққан әрбір дем, әрбір үнсіздік те сол көріністің бір бөлігі секілді. Уақыт қалай өткенін байқамай қалдық. Қойылым аяқталған сәтте зал толассыз шапалаққа толды. Бір сәтке бәріміздің көзіміз жарқырап тұрды — тек өнерге деген құрметтен емес, өз ішімізде оянған бір нәзік сезімнен.

Театрдан шықанда түнгі Алматы ерекше тыныш еді. Көше шамдары сөнбей, қала аспанында ай баяу жылжып бара жатты. Жел бетке жылы тиді. Әрқайсымыз үнсіз едік, бірақ бәріміздің жүрегімізде бір ортақ күй бар болатын — өнердің сиқыры мен өмірдің әсемдігі. Үйге тарай отырып, сол кештің бейнесі санада қайта жаңғырды: сахнадағы жарық, актерлердің жанды сөздері, залдағы үнсіздік. Бәрі де жүрек түкпірінде ұзақ сақталар сәтке айналды.

**Емтихан күні.** Таңғы сағат 8:30. Телефонның будильнигі төртінші рет шырылдап жатыр. Ернұрдың көзі ашылар емес. Басы-ауыр, ойы біртүрлі. Бүгін — Қазақстан тарихынан емтихан. Ең «қызықты», бірақ бәріміз ең көп қорқатын пән еді.

Ас бөлмеден Аяулымның дауысы естілді, ол қасымыздағы бөлмеде қыздармен бірге тұратын.

—Ернұр, тұрасың ба, әлде тарих сенімен бірге ұйықтап қала ма?

—Ұйықтап емес, бірге құлайық деп тұрмыз, - деп Ернұр әзілдеп үстелге қарай өтті.

Дәптер ашық, бірақ бас жұмыс істемейді. Бір жағында кітап, бір жағында кофе.

—«Қазақ хандығы құрылған жыл..» - деп Ернұр сыбырлады да, телефонның ашық, «сонғы минут шпорларын» қарап отыр.

Университеттің алдына келгенде, барлығының түрі бірдей: көзде уайым, қолда кофе, ауызда «тек сұрақ оңай болсын» деген дұға.

Алмат:

—Бүгін тарих емес, тарих бізді жазатын сияқты, - деді.

Саят:

—Мен дайынмын, егер бірінші сұрақ «Алаш қозғалысы» болса, - деп күліп отырды.

Ернұр ішінен: «Иә, дәл сол сұрақ шыкса екен..» - деп тіледі.

Аудиторияда бәрі тыныш. Сыртта тек жүзетшінің аяқ дыбысы мен сағаттың тықылы ғана естіледі. Парақтар таратылды. Бірінші сұрақты оқыған сәтте Ернұрдың көзі жайнап кетті:

«Алаш қозғалысы деп басталды...»

Ішінен: «Кетііі!» - деді де, жазуға кірісті. Уақыт өтіп барады, бәрі терең ойда.

Кейбірі сыбырлап дұға оқып отыр, кейбірі сұраққа қарап, «интуициямен» жазып отыр. Соңғы минут. Ернұр қаламын қойып, терең дем алды. Бір жеңілдік сезілді - бұл тек емтихан емес, студенттік өмірдің тағы бір белесі сияқты.

Сыртқа шыққанда күн жарқырап тұр. Көктемнің иісі, ағаштардың сыбыры, университет ауласындағы күбір-сыбыр — бәрі ерекше әсерлі.

Аяулым:

—Өттік қой деймін, иа?

Ернұр күліп:

—Егер тарих бізді ұмытпаса, біз де оны ұмытпаймыз, - деді.

Күн жылы, аспан ашық. Университет ауласында бәріміз жиналып тұрмыз — бір жыл бұрын дәл осы жерде бірінші рет қадам басып едік. Енді міне, бір үйдің баласындай болып кеткенбіз. Біріміз күліп, біріміз фотоға түсіп жатырмыз. Саят камера ұстап, бәрімізді кезекпен суретке түсіріп жүр. Бір сәтке бәріміз қол ұстасып, университет ғимаратына қарадық. Сол қабырғаларда біздің күлкіміз, уайымымыз, алғашқы достығымыз қалды. Әр аудитория, әр коридор біз үшін естеліктерге толы — таңғы лекциядағы күлкі, сессия алдындағы уайым, мұғалімдердің жылы сөздері. Ауада ерекше сезім бар еді — кимастық пен қуаныш араласқан. Бір жыл зу етіп өте шықты, бірақ ол жыл бізді өзгертті. Біз енді тек студент емеспіз - бір жолдың, бір арманның серіктеріміз.

*Ернұр ішінен ойлап тұрды: «Міне, бірінші курс бітті... Ал нағыз қызық енді басталғалы тұр.»*

Жалғасы бар...

**СЕРІКБАЙ Ильяс**  
*Кеден ісі мамандығының 2-курс студенті*

## ЖАРАЙСЫҢ, ГҮЛДАНА!



Колледжіміздің студенті Дүйсен Гулдана Асқарқызы ОПУСБ 25/9-1 тобының студенті, қазақ тілі және әдебиет пәнінің педогогы А бил хасова Шарбану Сейдахметовнаның жетекшілігімен, ҚР Оқу - ғарту министрлігінің 2011 жылы 7 желтоқсандағы №517 бұйрығына сүйене отырып, «Ақберен» республикалық танымдық - шығармашылық журналы ұйымдастырған, 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында өткен Републикалық «Мағжан оқулары» конкурсына қатысып, 1 орын иеленді. Гүлданаға, шығармашылық табыс тілейміз. Жарайсың Гулдана!



## ӨНЕР АЛДЫ – ҚЫЗЫЛ ТІЛ

*«Ана тілің — арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте», - деп жырлағандай белгілі қазақ ақыны, Қазақстанның Халық жазушысы Қабыр Мырза Али*

1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанда «Тілдер туралы» заң қабылданып, Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі — қазақ тілі, ал орыс тілі — ұлтаралық тіл деп бекітілді. Республикамыздың Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы Жарлығы мен ана тіліне және өз еліне деген сүйіспеншілік пен құрметте тәрбиелеу және түрлі ұлттардың тілдері, дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту мақсатында елімізде Қазақстан халқының Тілдер күні мерекесі бекітілді. Бастапқыда бұл мереке 22 қыркүйекте, ал "Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына сәйкес мереке 5 қыркүйекке — қазақ ағартушысы және ғалымы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне бекітілді. Бұл айтулы күннің көрнекті ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың туған күнімен сәйкес келуі-оның жеке басына деген құрмет. А. Байтұрсынов бүкіл өмірін туған халқының тағдыры мен тілі үшін күреске арнап, ұрпақтарына қазақ әліпбиін, графикасын, құрылымы мен орфографиясын жазып, мұра етіп қалдырды. Олардың бірі — бейбітшілік пен келісімде 130-дан аса ұлт пен ұлыс өмір сүретін республиканың тұтастығын сақтау, қазақ тілін дамыту және тарату, жас ұрпақтың мемлекеттік тілге, қазақ және басқа да халықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарауы. Осы мерекеге байланысты Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжінде Қазақ

тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті және Ағылшын тілі мамандары бірлесіп отырып «Өнер алды-қызыл тіл» атты әдеби кеш өткізді. Біздің міндетіміз-өз халқының мәдени мұрасын сақтап қана қоймай, басқа этникалық топтарды оның байлығы мен ерекшеліктерімен таныстыру. Сонымен қатар, тақырыпқа сәйкес оқушыларға биыл атап өтілген Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерей тойының болғанын айттық. Колледж студенттері өз өнерлерін көрсетті. Бұл мерекенің маңызды аспектісі- тілдердің үш тұғырлығын тану. Колледжімізде оқитын басқада ұлт өкілдері өз өнерлерін көрсетті. Атап айтар болсақ студенттеріміз: Қазақ, орыс, ағылшын тілінде өлеңдер оқып, үш тілде ән салды. АТУБР 24/9-2 тобының студенті Байғали Қайсардың орындауында «Ерке сылқым» күйі орындалды, қоңыр домбыраның үнімен «Шыңдақ туралы толғау» жанды дауыста керемет орындалды. АТУБ 24/9-2 тобының студенттері «Сенің көзің» әнін орындады. ОПУСБ 25/9-1 тобының студенті Дүйсен Гулдананың «Ескендір» поэмасынан, сахналық қойылым қойылып көрсермен назарына ұсынылды. Ұлы Абайдың «Бірінші кара сөзі» Біләл Ералы мен Ернст Айзере және колледжіміздің 1-курс студенттері ақын шығармаларынан үзінді оқыды. ЛОГБ 24/9-1 тобының студенті Нұрболатқызық Нурилла және Эрнест Айзере «Қазақ елі осындай» әнін орындады, ЛОГБР 25/9-4 тобының студенттері, Шабыт би тобы «Шабыт биі» биін билеп, жаңылтпаштар мен жарысты.

Бұл колледжімізде педогогтардың және студенттер мен басқа ұлттармен байланысты нығайтуға деген ұмтылысын көрсетеді. Тіл-халықтың әл-ауқаты, ол ұлттардың бірлігі мен тұтастығына зор ықпал етеді. Тіл-білім беру құралы және адамдардың қарым-қатынасын байланыстыратын тірек. Тілдер күні - Қазақстанның барлық азаматтарының достығының, туыстық пен бірліктің белгісі, ал халықтар достығы, өзара түсіністік пен ынтымақтастық — мемлекет құрылысының басты тірегі.

**АБИЛХАСОВА Шарбану Сейдахметовна**  
*Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің педогогы;*  
**ЖЫЛҚЫАЙДАРОВА Майра Қанатовна**  
*Орыс тілі пәнінің педогогы;*  
**БӨКЕНҚЫЗЫ Алма.**  
*Ағылшын тілі пәнінің педогогы.*